

# Академик Өмірбек Жолдасбековтің туғанына – 90 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

# QAZAQ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№8 (1790)  
1 наурыз  
2021 жыл

# YUNIVERSITETI

[www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz)

[facebook.com/KazakhNationalUniversity](https://facebook.com/KazakhNationalUniversity)

[vk.com/kazuniversity](https://vk.com/kazuniversity)

[instagram.com/KAZNU\\_FARABI](https://instagram.com/KAZNU_FARABI)

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 1970-1986 жылдардағы ректоры, Инженерлік академияның және механика-математика институтының негізін қалаған мемлекет және қоғам қайраткері Өмірбек Жолдасбеков жайлы сөз қозғағанда көз көргендер мен үзеңгілестері ең әуелі оның еңбекқорлығын алға тартып, «істің адамы еді» дейді. Бүгінде 90 жылдық мерейтойы аталып өтіп отырған, халқына қалтқысыз қызмет еткен көрнекті академиктің Қазақстан ғылымы мен біліміне, ұрпақ тәрбиесі мен ұлт болашағына сіңірген зор үлесін атап өтіп, төрткүл дүниені түгел мойындатқан ғылыми жетістіктерін мақтан етеді.

## ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ, КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕР



Әсіресе, еліміздің жоғары білімі мен ғылымының қара шаңырағына қалдырған құнды мұрасы, мәңгілік ескерткіші – ҚазҰУ қалашығын салған уақыттағы әр ғимараттың архитектуралық жобасын сызып, күні-түні құрылыс басында жүріп «прораб» атанып кеткені – аңызға бергісіз әңгіме.

Техника ғылымдарының докторы, профессор, академик Өмірбек Арысланұлының басшылығымен сол жылдары шын мәнінде ауқымды істер атқарылды, жаңа міндеттер орындалды. Ол ұлт болашағы ұрпақ тәрбиесінде екенін айқын түсіне білді. Шалғай ауылдардан арман қуып, Алматыға келген студенттерді даярлайтын жаңа мамандықтар, кафедралар, зертханалар ашылып, ғылым саласы тың бағытта қарқын алды.

Ө.Жолдасбеков қолданысқа енгізген жоғары класты машиналар мен механизмдер теориясын көршілес елдерді айтпағанда, Ұлыбритания, Италия, Алмания, Финляндия, Чехословакия, Польша, Югославия сияқты мемлекеттер өндіріске енгізді. 1992 жылы алғаш рет елімізде Қазақстан Инженерлер қауымының I съезі ұйымдастырылып, оған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев арнайы қатысты. Бұл – Қазақ елі Тәуелсіздігінің алғашқы жылы еді.

Өмірбек Арысланұлы Тұңғыш Президентіміздің «Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қауымдастықтағы беделінің өсуіне қызмет етуге парыздармыз» деген сөзін жадынан шығармай, егемен еліміздің мүддесіне ақтық демі қалғанша аянбай қызмет етті. Ғасырлар бойы бостандықты аңсаған халқымыздың жарқын келешегі, жас мемлекетіміздің іргесі бекуі үшін жанын сала жұмыс істеу басты ұстанымына айналды.

Нұрсұлтан Әбішұлының «Халқыма керекті қалай табам, қайдан табам деп қам жеп жүру – тек қана менің емес, әр азаматтың ар ісі мен жадында болуы тиіс» деп, ел азаматтарына артқан жауапкершілік жүгін бар болмысымен сезінді. Ол туған халқы үшін керекті тапты, барын дамытып, жоғын толықтырды. Механика және машинатану институтының негізін қалап қана қоймай, тұңғыш рет машинатану саласында қазақ тілінде терминология жасады. Механизмдер мен машиналар теориясы және теориялық механика пәндерінен қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтардың, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктердің авторы болды.

Қазақ ғылымының ашқан жаңалықтары әлемдік деңгейде мойындалып, Халықаралық Инженерлік академиясының академигі және 1-вице-президенті, Ислам

өз көзімізбен көрдік. Тәрбиесін алып, өнегесін үйрендік. Ұстаздық ұлағатын сіңіріп, ағалық қамқорлығын сезіндік. Тәлімін түйіп, таудай тұлғасын таныдық. Әлі күнге адалдықпен өрілген сара жолын үлгі тұтып, кәсіби қыры мен біртуар болмысын зор құрметпен есімізге аламыз.

Өмірбек Жолдасбековтің мерейтойы қарсаңында өткенге көз жібере отырып, академик Зейнолла Қабдоловтың «Жақсы адамдардың өлген күні болмайды, туған күні ғана болады. Өмекеңнің – ғұлама ғалым әрі айтулы қоғам қайраткерінің артында қалған мәңгі өшпес мол мұрасы туралы әлі ұзақ айтатын боламыз» деген сөзі ақиқатқа айналғанына көз жеткізгендейміз.

Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ө.Жолдасбековтің машина жасау және роботтехника салаларындағы еңбектерінің заңды жалғасы ретінде «Сандық технологиялар және роботтехника» ғылыми-білім беру орталығы жұмыс істейді. Соның ішінде «Роботтехника жүйелері» мамандығы бойынша бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейінде 44 жас білімін жалғастыруда.

Ғұлама ғалымның жарқын бейнесін өскелең ұрпақ жадында мәңгі сақтау үшін Студенттер сарайына, механика-математика факультетінің Үлкен залына Өмірбек Жолдасбековтің есімі берілген. Сондай-ақ университет қалашығына ескерткіші қойылып, музейі ашылған. 80 жылдығы тұсында «Қазақ университеті» баспа үйінен «Өнегелі өмір» сериялық кітабы жарық көрді.

Жалғасы 2-бетте

ҰЛАҒАТТЫ  
ҰСТАЗ



2-бет

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ  
ҚАҒАРМАН ПЕРЗЕНТІ



3-бет

ФОТОРЕПОРТАЖ



8-бет

# ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ, КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕР



Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз», деп қадай айтты.

Осыған орай, Ө.Жолдасбеков атындағы талантты оқушылар байқауы жеткіншектердің математикадан білімін дамытуға барынша ықпал жасап, олардың зерттеушілік қызметін ұйымдастыру жүйесін және құрылымын жетілдіруге күш салады. 1 наурыз күні басталып, үш күнге созылатын білім сайысында Тәжікстан, Қырғызстан және Қазақстанның барлық өңірінен үміткерлер бақ сынамақ. 176 оқушы математика, қолданбалы математика,

механика және экономикадағы математикалық әдістер секциялары бойынша жобаларын қорғайтын болады. Әділдік пен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында конкурс онлайн режимде «Дарын» РҒПО-ның аккаунтында ұсынылады.

Осындай жұмыстардың барлығы Ө.Жолдасбековтің есімін ұрпақ жадында мәңгі қалдыруға арналған, алдағы уақытта да өз жалғасын таба бермек.

Ұлттық Ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов кезінде өзінің заңғар тұлғалы замандасы жайлы: «Артында іздеушілер,

адал шәкірттері бар Өмірбек Арысланұлы – еш уақытта аты өшпейтін, жарқын бейнесі жүрекке мәңгі сақталатын ұлы адам» деген пікір айтқан екен.

Иә, еліміздің білім-ғылымының дамуына ерекше үлес қосқан біртуар тұлғаның есімі ешқашан ұмытылмақ емес. Өйткені, тәуелсіз еліміз, жасампаз халқымыз барда жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді.

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,**  
«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ  
Басқарма төрағасы-ректоры

**Мемлекет және қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, елін сүйген кең жүректі азамат Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков өзінің бар ғұмырын ғылым жолына, саналы ұрпақ тәрбиелеуге арнаған, өмірі өнеге болған ұлағатты ұстаз.**

Өмірбек Арысланұлы еліміздің бірегей ғылым ордасы Қазақ мемлекеттік университетіне басшылық еткен 1970-1986 жылдар арасында университеттің керемет студенттер қалашығы құрылысының бірінші кезеңі басталды. Бұл ғылым мен білімнің жаңа дәстүрлері туындап, дамыған кезі еді. Көп салалы кешендік құрылыс – ҚазҰУград қалашығы дүниеге келді. Құрылысқа Кеңес Одағының белді жобалау институттары, құрылыс компаниялары жұмылдырылып, әлемдік деңгейге сай қампус салынды. Қалашықтағы әрбір ғимараттың орналасуы, архитектуралық келбетіне үлкен мән берілді. ҚазҰУ қалашығы Өмірбек Жолдасбековтің сарқылмас іскерлігінің, талмас қайраты мен аса қажырлы ұйымдастырушылық біліктілігінің, студенттер мен қызметкерлерге қолайлы жағдай жасауға деген талпынысының арқасында жүзеге асырылды деуге болады.

1980-ші жылдардың аяғында қалашықта әкімшілік ғимараты – ректорат, бірнеше оқу корпусы, көп қабатты жатақханалар, тамақтандыру комбинаты, спорт кешені мен стадион қолданысқа берілді. Мұндай аумақтағы үлкен құрылыс нысандары сол кезде тек Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік

## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ



университетінде ғана болған еді. Ол кездегі Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың тікелей қолдауымен салынған бұл қалашық елін қадірлеген осы екі азаматтың қалдырған естелігі іспеттес.

Өмірбек Арысланұлының ғылым мен білім беруге деген ерекше көзқарасы нәтижесінде 70-80 жылдары университет студенттері ғылым, өнер және спорт саласындағы үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

КСРО-да алғашқы болып университет жанынан студенттер мен оқытушылардың ғылыми ізденістерінің нәтижелері негізінде

макеттер мен үлгілер жасайтын «Тәжірибелік-эксперименттік зауыт», робототехника бойынша республикалық оқыту-зерттеу орталығы, Арнайы конструкторлық бюро (СКБ), ғылыми-шаруашылық «Биофизика» бірлестігі ұйымдастырылды. Қазақстанда алғаш рет машинатану мен механизмдер теориясының негізі қаланды. С.М.Киров атындағы ҚазМУ түрлі халықаралық, бүкілодақтық және республикалық көрмелерге тұрақты түрде қатысып жүрді. 1970 жылы рентгенометриялық талдағыштар, статистикалық интегратор және басқа да құралдарды дайындап шығарған ҚазМУ

қызметкерлері ҚСРО ХШЖК-нің күміс және қола медальдары мен дипломымен марапатталды.

Автоматтандырылған жүйелер ҒЗЖ-на және оқу үдерісіне 80-жылдары енгізіле бастағаны белгілі. ҚазМУ өзінің электронды машиналар паркін пайдаланудың арқасында Қазақстандағы ЖОО-ның осы бағыттағы көшбасшысы болды. 1985 жылы шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті ашылды. Қазақстандағы тұңғыш оқу орны болып Дүниежүзілік университеттер ассоциациясының мүшелігіне ие болды. Жоғары класты механизмдер теориясы жасалынып, алғаш рет Инженерлік академияның іргесі қаланды.

Бүкіл болмысымен, қарапайымдылығымен ұрпағына үлгі өнеге болған азаматтың мұрасы қазіргі күні университеттің төрінен орын алып тұр. Ол кісінің атындағы Студенттер сарайы, аудитория, музейдегі арнайы жасалған ректорлық кешен де өнегелі өмірінен толық мәлімет бере алады. Музей қызметкерлері академик, ректор Өмірбек Жолдасбеков туралы құнды қолжазбаларды, патенттерді, өмірінің әр кезеңінен орын алатын фотосуреттерді көздің қарашығындай сақтап отыр.

Кезінде «XX-шы ғасырдың әл-Фарабиі» атанған, артына өшпес із қалдырған Өмірбек Жолдасбековтың ұрпағына қалдырған мұралары ешқашан өшпек емес. Университет тарихында ұстаз, ғалым, іскер басшы ретінде алатын орны ерекше Өмірбек ағамыздың 90 жылдық мерейтойы құтты болсын!

**Ардақ ЖҮМЕКЕҒЫЗЫ,**  
университет тарихы музейінің бас маманы

# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАҒАРМАН ПЕРЗЕНТІ

**Қазақстан жоғары мектебінің тарихында Өмірбек Арысланұлының өз кезеңі бар. Бұл кезеңде Қазақстан жоғары мектебі материалдық-техникалық базасы жағынан да, оқытушы-профессорлар құрамы мен жоғары білімді және жоғары білікті мамандар даярлау ісінің сапасы жағынан да қарыштап дамыды.**

Қазақ мемлекеттік университеті Өмірбек Арысланұлы басқарған кезеңде Кеңестер Одағындағы университеттер мен жоғары оқу орындарының арасында университеттік ғылым мен білім беру ісінде айрықша үлкен жетістіктерге жетті, одақтың маңдайалды білім және ғылым ордасына, нағыз классикалық университетке айналды. Бұл өз кезегінде бүкіл еліміздің әлеуметтік дамуына тың серпін берді. Оның басты негізі және көзге көрініп, көңілде тұрған көрнекті көрсеткіші – КазГУрад қалашығы. КазГУрад қалашығы айрықша бітімдегі құрылыс кешені ғана емес, ол – жоғары сапалы ғылым мен білім қалашығы. КазГУрад – Өмірбек Арысланұлының Қазақстан жоғары мектебіне ақыл-ой қуатымен тұрғызған ерен ескерткіші. Елдің өсер өркені тәлім-тәрбие алатын, білім өндіретін осы ерен ескерткіш – XX ғасырдың баламасы, теңдесі жоқ тарихи, рухани және материалдық құндылығы.

Өмірбек Арысланұлы Қазақстан жоғары мектебінің қайраткері ретінде алдына ел игілігін ойлаудан туған ұлы мақсаттар қойды, ол мақсаттарға жетудің игілікті жолдары мен игілікті құралдарын тапты, жеткен жетістіктерінің игілігін бір кездің бір буыны ғана емес, бар кездің барша буыны, бүкіл халық көруін көздеді.

Өмір жолы сайрап жатқан даңғыл емесі түсінікті. Белгілі бір мақсатқа жетудің жолдары туралы халықтың мынадай даналық сөзі бар: а) бір жол бар – жақын, жақын да болса, алыс; ә) бір жол бар – алыс, алыс та болса, жақын.

Дайындығы жоқ адам таудың басына шығар жолды көп іздейді. Алға жүріп, алдынан кездескен жартастан аса алмай, кері қайтатын, одан соң басқа жерден жол бастап, тау басына қайта өрмелейтін сәттері болады. Ақыры, өлдім-талдым дегенде, таудың басына шығып, айналасына қуана қарап тұрғанда, оның көзі бір бүйірде сайрап жатқан даңғыл жолға түседі. Сонда ол өзінің бекерге әуреленіп, қиналғанына өкінер еді, тіпті өзінен-өзі ұялғандай күй кешер еді. Тәжірибе деңгейінде іздеген жолдың осындай қиындығы болатыны анық.

Өмекең жақын жолды да, алыс жолды да, оңай жолды да, айналма жолды да, имек жолды да көрді. Өзінің теориялық ойлау ғарышынан таудай тұрпатты, маңызы мен мәні айдай анық игілікті нәтижеге толық жеткізетін сенімді, қай кез, қандай заманда да ел үшін игілікті болып қала беретін ізгі жолды іздеді. Теориялық ойлау ғарышынан қарағанда, игілікті нәтижеге толық жеткізетін сенімді, ізгі даңғылдың бағыт-бағдарын өзі анықтады. Осылайша, таудай тұрпатты, маңызы мен мәні айдай анық игілікті нәтижеге толық жеткізетін сенімді, қай кез, қандай заманда да ел үшін игілікті болып қала беретін ізгі жолды өзі салды.

Ғылым мен білімнің дамуы, ғылым мен білім саласында ізденуші, зерттеуші ғалымдардың шығармашылық қуат көзінің ашылуы білім мен ғылымға, білім мен ғылым қайраткерлерінің қызметіне шын құрмет, шынайы сұраныс бар ортада ғана мүмкін. Мұндай ортаның қалыптасуы, дамуы, нығаюы қоғамдық сананың даму деңгейіне тәуелді. Білім мен ғылымға, білім мен ғылым қайраткерлерінің қызметіне деген шын құрметке, шынайы сұранысқа негіз болатын қоғамдық сана білім мен ғылым қайраткерлерінің ерен еңбегі нәтижесінде қалыптанады. Осындай қоғамдық орта, осындай қоғамдық сана салтанат құрған жағдайда елдің өсер өркенінің ғылым мен білімге деген талабы, ұмтылысы, құлшынысы жасампаздық сипатқа иеленеді, ғылым мен білім қоғамның басты қозғаушы күшіне, басты құндылығына айналады. Өмірбек Арысланұлы өзінің, өз кезеңінің ақыл-ой қуатын ғылым мен білімнің дамуына, ғылым мен білім саласында ізденуші, зерттеуші ғалымдардың шығармашылық қуат көзінің ашылуына, білім мен ғылымға, білім мен ғылым қайраткерлерінің еңбегіне шын құрмет, шынайы сұраныс бар ортаның қалыптасуына жұмсауға ұйтқы болды. Нәтижесінде ғылым мен білімге, білім мен ғылым қайраткерлерінің

шығармашылық еңбегіне шын құрмет, шынайы сұраныс бар қоғамдық орта қалыптасты. Жоғары білімді, жоғары білікті ғылым мен білім мамандарын даярлау ісінде талапкер жастың білімі мен қабілеті негізге алынды.

Өмірбек Арысланұлы Қазақстан жоғары мектебінің мемлекеттік деңгейдегі аса ірі көшбасшы қайраткері болумен бірге өмірлік мәні зор зерттеу жұмыстарын жүргізді, өзінің басшылығымен, ұйымдастыруымен, тікелей қатысуымен іргелі және қолданбалы сипаттағы аса өзекті, әлеуметтік маңызы үлкен, көкейкесті ғылыми мәселелерді шешті. Кинематика, қатты дене статикасы, қатты дене динамикасы, материялық нүкте динамикасы, механикалық жүйе динамикасы, гироскоп теориясы сияқты салалар бойынша жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізінде теориялық механиканың негізін жасады. Жоғары класты механизмдерді құрылымдық талдау, жоғары класты механизмдер кинематикасы мен динамикасы, қуат күші бағыттары бойынша жүргізген іргелі зерттеулерінің нәтижелерін саралау, жинақтау барысында жоғары класты механизмдер теориясын жасады. «Жоғары класты механизмдер теориясы», «Теориялық механика» атты іргелі ғылыми-зерттеу еңбектерін, жоғары мектепке арналған оқулықтары мен оқу құралдарын жазды. Жаңа, жаңашыл теориялық қағидаларын, жаңашылдық идеяларын өндірісте пайдалану мақсатында кең ауқымды ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізді және бұл бағытта үлкен жетістіктерге жетті: өндірістік роботтардың құрамаларының, көтергіш, тиеу, түсіру қондырғыларының, тау-кен металлургиялық өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп станоктары мен құрал-жабдықтарының қозғалу заңдары күрделі болып келетін жоғары класты жаңа механизмдерін жасады, саналуан жаңашыл, жаңашылдық ұсыныстарын өндіріске енгізді, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізу арқылы елдің индустриялық қуатының артуына, ел экономикасының дамуына еңбек сіңірді. Осындай іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының ірі нәтижелері әлемнің әйгілі ғұламалары бас қосқан дүниежүзілік ғылыми форумдарда жарқын жаңалық, жаңа жетістік ретінде бағаланды. Ғұлама ғалым осы салада жүзден астам ғылым докторлары мен кандидаттарының бірнеше буын легін тәрбиелеп, өсірді. Ғылыми мектебін қалыптастырды. Өзінің ғылыми мектебі негізінде Қазақстан Инженерлік академиясын құрып, оның әлеуетін еларалық мәні бар үлкен биікке көтерді. Жоғарғы Кеңесте депутат, одан соң Қазақстан Республикасының заң шығару билігін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы Парламентте Мәжіліс депутаты, Мәжіліс комитетінің басшысы бола жүріп Тәуелсіз Қазақстанның Заңнамасын жасап, қалыптастыруға, отандық ғылым мен білім жүйесін дамытудың заңдық негізін жетілдіруге, Қазақстанның демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығып, қалыптасуы мен тұрақты дамуына үлкен үлес қосты.

Айтылған жайлар академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің мемлекет және қоғам қайраткері ретінде елге, елдегі қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм секілді Республика қызметінің түбегейлі принциптерінің салтанат құруына, елдің ғылымы мен білімінің дамуына, елдің мәдени-әлеуметтік әлеуетінің артуына сіңірген ересен еңбегінің сыртқы сипаттарының кейбір қырларын ғана көрсетеді. Олардың әрқайсысы ерен еңбекті, асқан ақыл-ой қуатын, теориялық ой қорытудағы жүйелілік пен тереңдікті, алғырлық пен тапқырлықты, басқару мен ұйымдастырудағы даралық пен даналықты талап етті.

Өмірбек Арысланұлы – қазақ елінің ақыл-ой қуатының, қоғамдық санасының, білімі мен ғылымының дамуына аса зор еңбек сіңірген алып тұлға, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері.

Желтоқсан көтерілісі қарсаңында және одан кейін қалыптасқан саяси ахуал жағдайында Өмірбек Арысланұлы қуғын-сүргінге түскен мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қатарында қатты қысым көрді. Бірінен кейін бірі, бірімен-бірі қабаттас келген 84 тексеру комиссиясы, ол комиссиялардың мүшелері Өмірбек Арысланұлының, университет ұжымының қызметінен қылмыстық істердің ізін іздеді, кейбіреуі қадалған жерінен қан алуға тырысты. Олар қазақстандық «қырағылардың» таққан айыптары мен жапқан жалаларында көрсетілген пікірлер мен мәліметтерді де



мүқият тексерді. Университет ректоры, университет ұжымының мүшелері, оқытушы-профессорлардың бірқатары өз қызметтерінде халық мүддесіне, мемлекет мүддесіне қайшы ештеңе істемегендерін дәлелдеуге мәжбүр болды. Тексеруге келген комиссиялардың ешқайсысы университет ректорының қызметінен де, университет ұжымының қызметінен де қылмыстық құрамдастары бар ештеңе таппады. Бірақ мұндай қысымның, әділетсіздіктің, зорлық пен зомбылықтың салдары мен зардабы болмай қалған жоқ: біреудің жүйкесі жұқарды, біреудің өмірі қысқарды, біреудің тынысы тарылды, біреудің жүрегі жарылды.

Желтоқсан көтерілісінен кейін Өмірбек Арысланұлының қуғынға ұшырауының себебі не еді? - деген сұрақ қойылуының реті бар. Бұл сұраққа мынадай бір ауыз сөзбен қысқаша жауап беруге болар:

–Өмірбек Арысланұлы қазақ елінің жоғары және жоғары білікті мамандар даярлау ісінің қарыштап дамуына, білімі мен ғылымының, ақыл-ой қуатының артуына, қоғамдық санасының кемелденуіне аса зор еңбек сіңірген алып тұлға еді.

Елдің жоғары және жоғары білікті мамандар даярлау ісінің қарыштап дамуы, білімі мен ғылымының, ақыл-ой қуатының артуы, қоғамдық санасының кемелденуі - адамзаттық мәні бар ұлттық, ұлттық-мемлекеттік құндылық. Желтоқсан көтерілісі - осы құндылықтың негізіндегі алып қуаттың қоршаған орта бұғауын бұзып шығуға бағытталған буырқануы мен бұрқануы. Бұл өз кезегінде отаршы орталықты төбесіне жай түскендей шошытты.

Қазақ елінің жоғары және жоғары білікті мамандар даярлау ісінің қарыштап дамуына, білімі мен ғылымының, ақыл-ой қуатының, қоғамдық санасының дамуына Өмірбек Арысланұлының аса зор еңбек сіңіргенін отаршы одақ жаулыққа санады, «ұлтшылық» ретінде бағалады, Өмірбек Арысланұлы басқарған мемлекеттік университетті «ұлтшылық ұясы» ретінде есептеді, солай санап, солай есептеуге, солай бағалауға мүдделі болды. Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы болып сырттан келген «басшы», оған ілесе университет партия комитетінің хатшысы КазГУрадтың атын өшіріп, университетті жабу туралы жар айтты.

Желтоқсаннан кейінгі жоғары саяси билік Өмірбек Арысланұлын қудалауға, қуғынға ұшыратуға, сүргінге салуға бар күшін жұмсады. Бұл шақта Өмірбек Арысланұлы университеттің

қолданбалы механика кафедрасының меңгерушісі еді. Жоғары саяси билік Өмірбек Арысланұлын партия қатарынан шығару туралы мәселе көтерді. Университет партия комитетінің хатшысы ол мәселені шешуге жан салып кірісті. Оны қолдаушылар да табылмай қалған жоқ. Университет партия комитеті мүшелерінің көпшілігі Өмірбек Арысланұлын партиядан шығару туралы жоғарыдан түскен нұсқауды қабылдамады, қатаң сөгіс жариялаумен шектелу туралы қаулы шығарды. Жоғары саяси билік университет парткомының қаулысына қанағаттанбай, өзі қажет деп тапқан шешімін жасады.

Өмірбек Арысланұлы жылдан аса уақыт айқасып жүріп, өзін партия қатарынан шығару туралы жоғарыдан қабылданған шешімнің терістігін дәлелдеп, партияға мүшелігін қайта қалпына келтірді. Партиядан шығарылған кісілердің партбилеті сол сәтінде жойылуға тиіс болатын. Университет парткомының қызметкерлерінің бірі Өмірбек Арысланұлының партбилетін жасырын сақтап қойған екен. Өмекең қолына жаңа билет емес, өзінің бұрынғы билетін алғанда, қатты толқиды.

Өмірбек Арысланұлы өзін қудаламақ, қуғынға ұшыратпақ, сүргінге салмақ болған одақтық саяси биліктің жаласының ығына жығылмады, еменге біткен иір бұтақтай қыранға тұғыр болар тұрлаулы қалпынан жазбады, өзінің азаматтық құқығын, ар-ожданын, Қазақстан жоғары мектебі мен ғылымының абыройын қорғап қалды. Жақсының жағасынан алуға ұмтылған жаудың жығасы жығылды, балтырынан тістеуге ұмтылған ит жайына кетті.

Өмірбек Арысланұлының ақыл-ой қуаты, парасат патшалығы, қайтпас қайсар рухы алдында, дүниежүзінің ғылыми қауымы мойындаған еңбегі мен беделі алдында отаршы орталық пұшайман болып қалды. Өмірбек Арысланұлын елден шығаруға оның әлі келмеді, Өмірбек Арысланұлын қуғынға ұшыратуға, сүргінге салуға оның күші жетпеді.

Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков – қазақ халқының қаһарман перзенті.

**Жанғара ДӘДЕБАЕВ,**  
*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор*



**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

Бағасы келісім бойынша.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӨМІРҒАЛБЕЕВА  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Басылымның Pdf нұсқасы [www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz) сайтына орналастырылды.

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.